

Ақмола облысы
жақсы ауданы
«Запорожье орта мектебі» КММ

«КІШКЕНТАЙ ОТАНЫМНЫҢ СИМВОЛЫ»

Дайындаған: 10 сынып оқушысы Серікова Аяулым

ПАРИЖ ДЕСЕ ЕҢ АЛДЫМЕН КӨК АСПАНМЕН ТАЛАСҚАН ЭЙФЕЛЬ МҰНАРАСЫ, ЛОНДОН ДЕСЕ ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ БИГ-БЕН САҒАТЫ БІРДЕН КӨЗ АЛДЫМЫЗҒА КЕЛЕДІ. СОЛ СЕКІЛДІ АСТАНА ДЕСЕ ШҰҒЫЛАЛЫ «БӘЙТЕРЕК» МОНУМЕНТІ, АЛМАТЫ ДЕСЕ «ТӘУЕЛСІЗДІК» МОНУМЕНТІ НЕМЕСЕ ДӘМІ ТІЛ ҮЙІРГЕН АПОРТ АЛМАСЫ ОЙЫМЫЗҒА ОРАЛАДЫ. ШЫНДЫҒЫНА КЕЛГЕНДЕ, ЖОҒАРЫДАҒЫ АТАУЛАР БҮГІНДЕ АТАЛҒАН ҚАЛАЛАРДЫҢ БРЕНДІНЕ АЙНАЛЫП, НЫШАНДЫҚ СИМВОЛЫ РЕТІНДЕ АТАЛЫП КЕТКЕН.





АЗАМАТ СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫ

1918 жылдың мамыр айында Азамат соғысы басталды. Атбасар өңірлерінде әскери соғыстар жанданды. 1919 жылы 5-ші наурызда Колчак әскери мобилизациясын жариялады. Халық қарсылық көрсетті, көтерілістер көбейді.



КЕҢЕСТЕР БИЛІГІНІҢ ОРАНУЫ



1918 жылы қаңтарда Атбасар қаласында үлкен отырыс өткізіліп, өңірде кеңестік билікті орнату шешімі қабылданды. Ауылдарда кеңестік билік еш қиындықсыз орнатылып Кеңестер құрылды.

ТУҒАН АУЫЛЫМ ҰЖЫМШАР БОЛЫП ҚҰРЫЛУЫ

1930 жылы ауылда «Новый путь» колхозы құрылды. Оның жетекшілігіне Радионов белгіленді, бригадирлер Николай Головин, Федор Голда, Константин Зуб, А. Рыбалко болды.



ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫ

Ауыл тарихындағы келесі үлкен кезен Ұлы Отан соғысы. Соғыс майданына 151 адам кетіп солардың 97 адам қайтып оралмады. Олардың есімдері ел есінде.



ТЫҢ ИГЕРУ



1953 жылы қыркүйекте КОКП ОК пленумы ауыл шаруашылығында қалыптасқан жағдайды талқылады. 1954 жылы тың игеру басталды. Ауылда егістіктен алған егін көлемі жоспардан 141 пайызға асып кетті. Белгіленген 15 мың гектар жердің орнына 21 мың гектар жерлерді игерді. Тың игерудің қиындағы әйелдердің да мойынына түсті. Кеңес үкіметінің бүкіл аймақтарынан Запорожье ауылына келіп қоныстанған.

АУЫЛДЫҢ КӨРКЕЙГЕН КЕЗІ

Ауылда кішкентай кірпіш шығаратын зауыт қызмет еткен. 1974 жылы мектептің құрылысы басталып, тек 1976 жылдың жазында аяқталды. Бірінші қыркүйекте, сағат 10-да салтанатты түрде бірінші қоңырау дабылы естілді. Ауылдың мақтанышы үрмелі музыкалық аспаптар оркестрі. Жетекшісі А. Г. Корн аптасына үш-төрт рет репетициясын өткізіп отырыған. Біздің оркестр Мәскеуде, Алматыда гострольдермен болған.



ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ МЕНІҢ!

- «1992 жылы 1-ші қараша Жақсы ауданының сот шешімі бойынша ауыл банкрот болып белгіленді», ал 2-ші қарашада ТОО «Запорожье» құрылып, басшы – С. И. Чепурной сайланды. 2006 жылы «Ақмола облысы бойынша ең үздік ауылды мекен» атағына ие болады. Осы жетістіктердің бәрі ауыл жұмыскерлерінің арқасында.



БОЛАШАҒЫ КЕМЕЛ ЗАПОРОЖЬЕ АУЫЛЫ

